



«Келісілді»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Мектепке дейінгі және орта білім  
комитетінің төрағасы  
 М. Мелдебекова  
«11» 09 2021 ж.

«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМҚК директоры  
 Д. Смагулов  
«11» 09 2021 ж.

Қазақстан тарихы пәні бойынша мектеп бітірушілерді  
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы  
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (5-9 сынып);

– ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы мен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

**Тестті әзірлеу мақсаты:** Қазақстан тарихы пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау.

**Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 5, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша/Оқу мақсаттары
01	Тас және қола дәуірі	01	Тас және қола дәуірі	01	Палеолит. Мезолит. Неолит. Энеолит. Қола дәуірі
02	Темір дәуіріндегі Қазақстан	02	Темір дәуіріндегі Қазақстан	02	Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы. Көшпелі мал шаруашылығы – тіршіліктің қайнар көзі. Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті
				03	Сақтар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті. Үйсіндер: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті. Қаңлылар: деректер, саяси тарихы,



01

				<p>қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті.        Ғұндар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті.        Сарматтар: деректер, саяси тарихы, қоғамы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, археологиялық мәдениеті</p>
				04 Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан өңірі
03	Ерте және дамыған ортағасырлардағы (VI-XIII ғғ.) Қазақстан	03	Ерте және дамыған ортағасырлардағы (VI-XIII ғғ.) Қазақстан	05 Түрік, Батыс түрік, Түркеш, Қарлұқ қағанаттары, оғыздар, қимақтар: қоғамдық-саяси тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қарахандар, қарақытайлар, наймандар, керейлер, жалайырлар, қыпшақтар: қоғамдық-саяси тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы
04	VI-XVII ғғ. мәдениет	04	VI-XVII ғғ. мәдениет	06 Ұлы жібек жолының қалыптасуы және тарихи маңызы, VI-IX ғғ. мәдениеті, VI-XIII ғғ. қалалық мәдениет, сәулет өнері, қолөнер, сауда. Рухани мәдениет: дін, білім, ғылым. XIV-XV ғғ. Қазақстан мәдениеті. XVI-XVII ғғ. Қазақстанның мәдениеті
05	XIII-XVII ғғ. Қазақстан	05	XIII-XVII ғғ. Қазақстан	07 Монғол дәуірі, Алтын Орда: құрылуы, қоғамдық құрылысы, күшеюі, ыдырауы. Қазақстан территориясындағы XIII-XV ғғ. мемлекеттер. Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы, Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір. Әмір Темір мемлекеті
				08 Қазақстан территориясындағы этникалық өзгерістер. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саясаты. XVI-XVII ғғ. қазақ хандығының дамуы: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан
06	XIII-XVII ғғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	06	XIII-XVII ғғ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы	09 XIII-XV ғғ. мемлекеттердің мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ хандығының басқару жүйесі. XIV-XV ғғ. Қазақстанның экономикалық жағдайы. XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының экономикалық жағдайы
07	Қазақстанның XVIII-XIX ғғ. әлеуметтік-	07	Қазақстанның XVIII-XIX ғғ. әлеуметтік-	10 Қазақстанның Қытаймен сауда-экономикалық қарым-қатынасы. XIX ғ. II-жартысындағы Қазақстанның



	экономикалық дамуы		экономикалық дамуы		экономикалық дамуы. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы
08	XVIII-XIX ғғ. Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы	08	XVIII-XIX ғғ. Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы	11	Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысы. Кіші жүздің Ресей империясы құрамына кіруі. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты
				12	Қазақтардың 1773-1775 жж. Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы. С.Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі. Хандық биліктің жойылуы. 1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісі. 1837-1847 жж. К.Қасымұлы бастаған көтеріліс. XIX ғ. 50 жж. қазақ шаруаларының азаттық үшін күресі. Ұлы жүздің Ресейге қосылуы, Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. 1860-1890 жж. Қазақстандағы реформалар. Қазақ халқының XIX ғ. 60-70 жж. ұлт-азаттық көтерілістері
09	XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан	09	XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан	13	XX ғ. басындағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуы. «Әскери коммунизм саясаты». ЖЭС жылдарындағы Қазақстан. Индустрияландыру кезіндегі Қазақстан. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру. ҰОС кезіндегі Қазақстанның экономикалық қуатының артуы
				14	XX ғ. басындағы Қазақстанның саяси жағдайы. Ұлт-азаттық қозғалыстар мен олардың негізгі бағыттары. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Қазақстан Ақпан, Қазан төңкерістері жылдарында. Саяси партиялар, қозғалыстар және автономиялар. Азамат соғысы және оның қорытындылары. Қазақ АКСР-нің құрылуы. Қазақ АКСР территорияларының құрылуы. Қазақстанның 20-40 жж. қоғамдық-саяси өмірі. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы

10	XVIII-XX ғғ. Қазақстан мәдениеті	10	XVIII-XX ғғ. Қазақстан мәдениеті	15	XVIII ғ. Қазақстан мәдениеті. XIX ғ. I жартысындағы Қазақстан мәдениеті. XIX ғ. II жартысындағы Қазақстан мәдениеті
				16	XX ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті. XX ғ. 20-40 жж. Қазақстанның мәдени дамуы. XX ғ. II жартысындағы (1946-1980 жж.) мәдениет. XX ғ. аяғы - XXI ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті
11	XX ғ. екінші жартысындағы (XX ғ. 50-80 жж.) Қазақстан	11	XX ғ. екінші жартысындағы (XX ғ. 50-80 жж.) Қазақстан	17	XX ғ. 50-80 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі
				18	XX ғ. 50-80 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы
12	Тәуелсіз Қазақстан	12	Тәуелсіз Қазақстан	19	Тәуелсіздік жариялануы және егеменді Қазақстанның қалыптасуы. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты
				20	Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы
13	Өркениет: даму ерекшеліктері	13	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы Орталық Азия және әлемдік өркениет	21	"Орталық Азия" түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу
				22	Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
		14	"Ұлы Дала өркениеті	23	картаны пайдаланып "Ұлы Дала" тарихигеографиялық аймағын анықтау; тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіру <u>Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру;</u> Қазақстан аумағындағы ежелгі



			<p>археологиялық мәдениет тердің ерекшеліктерін сипаттау;          Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау</p>
		24	<p>"Өркениет" ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау;          10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау</p>
15	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	25	<p>Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу;          көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып анықтау;          картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау          картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу;          Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының ролін талдау</p>
		26	<p>сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау;          дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау</p>
16	Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы	27	<p>Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалану;          XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау</p>

				28	Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау; мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау
14	Этникалық және әлеуметтік процесстер. Саяси-құқықтық процесстер	17	Қазақ халқының шығу тегі Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	29	Қазақстандағы этникалық процесстерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану; этникалық процесстердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау
				30	қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдалану; тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау; қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар); қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру; қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдалану; дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде "мәдени-генетикалық код" ұғымын қолдану
		18	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы Қазақстан	31	Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "аграрлық саясат", "көші-қонсаясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалану;



			Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты		<p>Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу</p> <p>Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін "депортация", "арнайы қоныс аударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдарын пайдалану;</p> <p>Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру;</p>
				32	<p>көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдалану;</p> <p>Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру</p> <p>мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау</p> <p>Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау</p>
15	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	19	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	33	<p>Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін "мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдарын пайдалану;</p> <p>Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;</p> <p>Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау</p>
				34	<p>Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;</p> <p>деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау;</p> <p>ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау;</p> <p>Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының</p>

				рөлін бағалау
			35	Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау
20	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет		36	Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау; мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу
21	Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы		37	Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау; қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу; Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу
			38	Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін "автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану; Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
			39	Қазақстанда мемлекеттік тілдің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;



				<p>Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау;</p> <p>мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау</p>	
16	Қоғамдық-саяси ойдың дамуы; Мәдениеттің дамуы; Білім беру мен ғылымның дамуы.	22	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы.	40	Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
				41	Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау; Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдерінің идеяларын түсіндіру; Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
				42	XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау; Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		23	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея.	43	"Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру; Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
		24	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	44	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау; "Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру

	25	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	45	Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін "мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану; қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу; типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау
			46	қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін "әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану; қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау; халықтың рухани -адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау; фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
	26	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	47	Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтау; кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
	27	Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	48	Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау; халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру; ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау; халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде "Туған жер"



			ұғымын қолдану
28	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	49	әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау; ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
29	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	50	XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру; XVIII-XX ғасырдың басында зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
		51	XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау; XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
		52	Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін "сауатсыздықты жою", "қызыл отау", "мұғалімдер институты", "мектептегі білім беру", "кәсіби білім беру", "жоғары оқу орындары" ұғымдарын пайдалану; Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау; Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау; Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау; Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарамақайшылықтарын талдау
30	Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	53	Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау;

				<p>әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау;</p> <p>Қазақстан Республикасы "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау</p>
--	--	--	--	---

### Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Курстың оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар меңгеруі тиіс:

Тарих пәнін, археологиялық және жазба деректерді; ауа-райының адамдардың өміріне және шаруашылық қызметіне әсерін; уақыт сызығын, тарихтағы жыл санауды; алғашқы адамдардың тұрақтарын; ежелгі Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларды, тарихи тұлғаларды; тарихи Отан ұғымын; Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктерді; Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің пайда болуы, қалыптасуы және дамуын; ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын; Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің құрылуы мен дамуының ерекшеліктерін; моңғол және жоңғар шапқыншылығына қарсы тәуелсіздік үшін күрестегі, мемлекеттің сыртқы саясатындағы, негізгі фактілер мен оқиғаларды; қазақ қоғамының материалдық, рухани жетістіктері, оның өзіндік ерекшеліктері туралы; қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, исламның қазақ қоғамындағы рөлін; Қазақстан тарихындағы Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы; ортағасырлар кезеңіндегі негізгі тарихи ескерткіштерді; жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихының хронологиялық шегін; XVIII ғ. басындағы Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайын; қоғамның әлеуметтік құрылымы мен басқару жүйесін, шаруашылығын; Қазақстанның Ресей империясына қосылу үдерісі, жаулап алуы, отаршылдық саясатының салдары; Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестері мен қозғалыстарының тарихын, XVIII-XIX ғасырлардағы басты-басты ұлт-азаттық қозғалыстарды, олардың себептерін, негізгі оқиғаларын, нәтижелері мен салдарын; XVIII-XIX ғғ. Қазақстан мәдениеті; Отан тарихының біртұтастығы мен жүйелілігін сипаттайтын негізгі фактілерді, үдерістер мен құбылыстарды; Отан тарихының кезеңдерін; Қазақстанның тарихи жолының ерекшеліктері мен оның әлемдік қауымдастықтағы рөлін; Қазақстан тарихының негізгі тарихи мәселелерінің зерттелу жайы, ондағы түрлі көзқарастар туралы; тарих беттеріндегі ақтандақтарға қазіргі көзқарасты; қазіргі қоғамдық үдерістердің тарихи шарттылығын; Қазақстанның Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы тарихи дамуын, Ақпан революциясы, Қазан төңкерісі және Азамат соғысы туралы; XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдардың, олардың бағдарламаларының мәнін; «әскери коммунизм» мен жаңа экономикалық саясаттың саяси мәнін; қазақ мемлекетінің құрылуының басты кезеңдерін, ҚазАКСР мен ҚазКСР-ның құрылуын; Қазақстанда индустрияландыру мен ұжымдастырудың барысы және оның қазақ халқына тигізген зардаптарын; 1920-1930 жылдардағы мәдениет саласындағы негізгі өзгерістер; тоталитарлық мемлекеттің қалыптасуы және ұлт зиялыларына қарсы жаппай қуғын-сүргін туралы; Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесін; соғыстан кейін Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси дамуын; тың және тыңайған жерлерді игеру себептері, оның Қазақстанға тигізген салдарын, Қазақстанның «тоқырау» жылдарындағы тарихын; Қазақстан Тәуелсіздігінің жариялануы туралы; Егеменді Қазақстанның дамуы.

Өзгеріс пен сабақтастық: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

Себеп және салдар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты



көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

Дәлел: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

Ұқсастық пен айырмашылық: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

Маңыздылық: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

Интерпретация: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

**Тест тапсырмаларының формалары:**

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

**Тест тапсырмаларының саны:**

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.

**Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:**

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.

